

Сапаров Бахытжан Жолдыбайұлының «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына отандық жетекшісі филос. ғ.к., доцент С.Ө. Абжаловтың

Пікірі

Б.Ж. Сапаровтың қорғауға ұсынылып отырған «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасындағы дін саласындағы мемлекеттік саясаты (дінтанулық талдау)» атты диссертациялық жұмыс құрылымы еліміздегі конфессияаралық келісімді сақтау үшін, мемлекеттің дін саласындағы саясатының дінтанулық астарларын толық ашу, үшін қазіргі қоғам үшін өзекті мәселе болып саналады. Бұл диссертациялық жұмыс докторанттың бірнеше жылдар бойындағы әртүрлі гуманитарлық салаларда жинаған ауқымды ізденістерінің жемісі. Зерттеу бағыты қазіргі дінтану ғылымының өзекті мәселелеріне арналған.

Ізденуші Сапаров Бахытжанның диссертациялық зерттеуі еліміздегі діни бірлестіктер мен мемлекет арасындағы қатынастарда Ата заңымызда көрсетілген ар-ождан бостандығын жүзеге асырудың ерекшеліктері мен олардың дінтанулық негіздерін жан-жақты ашуға арналған. Сонымен қатар, осы принциптердің әлемнің өркениетті елдерінде қалай жүзеге асырылғандығына салыстырмалы талдаулар жасалған. Докторант Б. Сапаров осы мәселеге қатысты ғылыми әдебиеттер мен деректерге жан-жақты талдау жасап, өзінің авторлық көзқарастарын айқын көрсете білген.


Дінтану мен ғылым философиясы саласындағы әдіснамаларды тиімді қолдана отырып автор диссертациялық жұмыстағы алға қойған мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізген. Жарияланған ғылыми мақалалары тақырыптың негізгі идеяларын қамтыған, зерттеудің ішкі мазмұнын жан-жақты ашқан. Зерттеу жұмысының мәтінінде көрсетілген нәтижелерінде барлығы дерлік дін философиясы және дінтану, мемлекеттің дін саласындағы саясаты және оның құқықтық негіздеріне арналған әдебиеттерінің мәліметтеріне сүйене отырып қорытындыланған, сонымен қатар жұмыстың ішкі мазмұнында логикалық жүйелілік толығымен жүзеге асырылған. Диссертациялық жұмыс барысында алынған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдарының негізделуі мен шынайылық дәрежесін ескере отырып, ғылыми зерттеуді аяқталған, логикалық дәйектелген еңбек деп есептеуге толығымен болады.

Докторантурада оқу мерзімі ішінде Сапаров Бахытжанның 13 мақаласы жарық көрді. Оның ішінде, Скопус базасына кіретін «Türk Kültürü ve Nası Bektaş Velî Araştırma Dergisi» түркиялық журналға шықты. ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған саяси, философиялық және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялауға арналған журналдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми басылымда (Түркия) 1 мақала жарық көрді. Сонымен қатар, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 6 мақала жарияланды. Туркия Республикасы Мәдениет және Туризм министрлігі, Ататүрік Мәдениет,

Тарих, Тіл Жоғары Комитеті, Ататүрік Зерттеу Орталығында ғылыми тағылымдамадан өтті.

Қорытындылай келе, диссертациялық жұмыс тақырыбының теориялық және қолданбалы-тәжірибелік маңызы зор. Сондықтан, Сапаров Бақытжан Жолдыбайұлының «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасындағы дін саласындағы мемлекеттік саясаты (дінтанулық талдау)» атты диссертациялық жұмысын қорғауға жіберуге болады деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесшісі
Абжалов С.Ө.


(қолы)
ҚА. ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР БӨЛІМІ
РАСТАЙМЫН:
ҚА. ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР БӨЛІМІНІН
БАСТЫҒЫ